

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

9. Nancy Viviana Grande Triviño (2024) “Teaching Language Arts with TEDx talks to eighth graders: a case study”.

УДК 81-139

ФЛЕШ ФАНТАСТИКА УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУДАҒЫ ДЕДУКТИВТІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Галеева Гаухар Зарлыковна
haranalily@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі»
мамандығының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Ниязова

Kіріспе

Сөздік – бұл адамдардың өміріндегі сауатты сөйлеудің ажырамас бөлігі. Студенттердің сөздік қоры ағылшын тілі сабақтарында ақпаратты табысты қабылдауға ықпал етеді. Сөздік қоры бай студент өз ойын сауатты және анық жеткізе алады. Сондықтан жоғары оқу орнының ағылшын тілі курсының басты міндеті студенттердің сөздік қорын үнемі байыту болып табылады. Қазіргі әлемде ағылшын тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар оқу мен жұмыс үшін қажетті құралға айналды. Адамдар күнделікті өмірде ағылшын тілін қолдану қажеттілігіне жиі тап болады. Сонымен қатар, ағылшын тілі студенттің мүмкіндіктерін кеңейтеді, қызығушылықтарын ашады, дүниетанымы мен жеке тәжірибесін қалыптастырады. Бұл жанрдың ғаламторда кездестіруге болатын көптеген басқа атаулары бар, мысалы, микро-фантастика, нано-фантастика және т.б. Ақпараттың жеделдігімен флеш-фантастика қазіргі кезде көптеген адамдар арасында танымал бола бастады. Сондықтан студенттердің сөздік қорын байыту шет тілін оқытуда өте маңызды аспект болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты жоғары оқу орнының тілдік емес мамандықтар студенттерінің сөздік қорын байыту үшін ағылшын тілі сабақтарында флеш фантастика жанрындағы мәтіндерді пайдалану туралы эксперимент деректерімен бөлісу болып табылады.

Флеш фантастика – университет студенттеріне лексиканы оқыту саласындағы жаңа бағыт. Заманауи цифрлық, планшеттік және мобильді экрандардың талаптарына сәйкес келетін, сондай-ақ мәтіндердің және басқа да тартымды нұсқалардың кең ауқымы арасында оқырманның оқуы мен уақытқа сәйкес келетін шағын мәтінді баяндау формасы болып табылады [1]. Осы жанрдың көлемі нақты анықтамасы болмаса да, 5 сөзден 1500 сөзге дейін жазылады. Сөздердің саны 1500-ден аз болса да, оқушылардың сөздік қорын соншалықты сөзбен байытуға болады. Қысқа әңгіме мен флеш фантастика арасындағы негізгі айырмашылық – флеш фантастика қысқа әңгімелерге қарағанда айтарлықтай қысқа [2]. Аудитория ішінде мәтінді оқып, түсінуге аз уақыт жұмсайды. Бұл қарапайым процесс болып көрінсе де, 1500 сөздің ішінде студенттер өздерінің ойлау процесін дамыта алады, сабақ жоспарына сәйкес белгілі бір тақырып бойынша өз пікірлері мен ойларымен бөлісу үшін белсенді сөздік қорын кеңейте алады.

Негізгі бөлім

Бүгінгі күнде студенттер сабақ барысында жаңа сөздікті үйренуге уақыты жетпеуі мүмкін. Сондықтан сөздік дағдылары контекстен шекті дағдыларға айналған. Бұл зерттеу осы мәселені қарастырады және флеш фантастика жанрдағы мәтіндерді студенттердің сөздік қорын байыту үшін қолдануға болатынын анықтауға тырысады. Бұл зерттеудің өзектілігі – флеш фантастика мәтіндері студенттердің сөздік дағдыларын жетілдіру құралы ретіндегі рөлі.

Майкл Грейвз тиімді оқытуды және студенттердің білімін дамытуды қолдайтын табысты сөздік бағдарламаларының негізін ұсынады. Оның оқу бағдарламасының негізі сенімді сөздік қорын дамытуға арналған төрт бөлімнен тұратын тәсілді қамтиды: 1) бай және

алуан түрлі тілдік тәжірибені қамтамасыз ету, 2) жеке сөздерді үйрету, 3) сөз үйренуге үйрету стратегиялары және 4) сөз санасын дамыту [3].

Сөздік қорды байытудан бұрын, флеш фантастика жанрындағы мәтіндерді сабаққа сәйкес таңдау туралы ойлану қажет. Таңдау кезінде ескеру қажет бірнеше критерийлер бар:

- Студенттердің қызығушылықтары мен тәжірибесіне сәйкестігі:

Студенттердің қызығушылықтарына, шығу тегіне және тәжірибесіне сәйкес мәтіндерді таңдау қажет. Бұл белсенділікті сақтауға көмектеседі және мазмұнды мағыналы етеді.

- Тілді меңгерудегу тиісті деңгейі:

Студенттердің деңгейін ескеру қажет. Мәтін ынталандыру үшін жеткілікті түрде күрделі болу керек, бірақ көңілсіздік тудыратындай күрделі емес. Білім деңгейіне сәйкес келетін тиісті лексика мен грамматикалық құрылымдары бар мәтіндерді қолдану қажет.

- Инклюзивтілік:

Мазмұн мәдени ерекшеліктерді ескеретініне және инклюзивті екеніне көз жеткізу қажет. Әр түрлі көзқарастарды білдіретін мәтіндерді таңдап, стереотиптерден аулақ болу керек. Бұл студенттерді әртүрлі мәдениеттермен таныстырады.

- Мақсаты мен міндеттері:

Белгілі бір мәтінді пайдалану мақсатын нақты анықтасаңыз және оны сабақтың оқу мақсаттарына сәйкес келтіруге болады. Сөздік қорын, грамматикалық практиканы немесе мәдениетті түсінуді дамыту үшін болсын, мәтін мақсатқа сай болуы керек.

Студенттер сөздік қорын шынымен меңгергеніне көз жеткізу үшін, оларды бірнеше контексте қолдана білу керек, яғни оны оқу, сөйлеу, жазу және тыңдау сияқты әртүрлі жағдайларда қолдануы қажет. Студенттер сөздік қорын тек осы мәтіндерді оқып қана қоймай, тыңдалым, жазылым, айтылым арқылы да байыта алады. Флеш фантастика мәтіндерін қолдану студенттерге сөздік қорын оқытуда басқа тілдік дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Бұл дағдыларды флеш фантастикамен байланыстыруға және оқуды келесі деңгейге көтеруге болады.

Дедуктивті әдіс пайымдау принциптеріне негізделген. Бұл студенттерге нақты сөздік нұсқауларын ұсынуды қамтиды. Мысалы: Біріншіден, студенттерге жаңа тақырып бойынша жаңа сөздікпен таныстыру; кейін, текст оқудан бұрын сөздер мағынасымен жұмыс; Екіншіден, флеш фантастика мәтінімен жұмыс (студенттер берілген мәтінді оқып шығып, сәйкесінше алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап береді, мұғалім оқу процессін бақылап, студенттерге көмектеседі); Үшіншіден, мәтін ішінде табылған жаңа сөздердің мәнімен таныс болғаннан кейін, оқудан кейінгі жаттығуларға өту (cloze exercises, gap filling, sentence writing and etc).

Студенттердің сөздік қорын байытудағы дағдыларды қалыптастыру алдын ала жасалған жаттығулар жиынтығы бойынша жұмыс жасау әлдеқайда тиімдірек. Алға қойылған мақсат пен гипотезаға сәйкес біз келесі міндеттерді шығарамыз:

1. Студенттердің сөздік қор деңгейін анықтау;

2. Сөздік қорын байытуда флеш фантастиканы қолдануға арналған дедуктивті құралды құрастыру;


3. Дедуктивті құрал ретінде флеш фантастиканы қолдана отырып, эксперимент нәтижелерін талдау.

Нәтижелер

Осы зерттеуді жүргізу және зерттеудің мақсаттарына қол жеткізу кезінде қажетті деректерді жинау үшін аралас әдіс-тәсілдері қолданылды. Эксперимент барысында Еуразиялық Ұлттық Университетінің 1-курс студенттері қатысты. Зерттеу мақсаттарының бірі - флеш фантастика мәтіндерін пайдалану ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқытуда нәтижелі екенін анықтау. Зерттеу жұмысын бастамас бұрын ағылшын тілінің деңгей тесті алынды. Оның нәтижесінде студенттерді сәйкесінше 2 топқа бөлді. Тәжірибелік топ жалпы 15 студенттен, ал бақылау тобы 14 студенттен тұрды.

Эксперименттік топтың студенттері силлабус бойынша флеш фантастика жанрындағы мәтіндермен қосымша қамтылып, бақылау тобы тиісінше тек силлабус аясында ғана сабақтарын қамтыды. Жалпы студент саны - 29, сонын ішінде - 13 ер, 16 әйел адам. Студенттердің жасы - 17-18 аралығы. Ағылшын тілі деңгейі - B1 (Intermediate).

Зерттеу барысында 1-курс студенттерінен 2 түрлі лексикалық тест алынды: pre-test, post-test. Тесттер тілдерге арналған жалпыеуропалық анықтамалық жүйе (CEFR) стандарттары негізінде өткізілді. Алдын ала тестілеу (пре-тест) кезінде студенттердің жалпы сөздік қорының деңгейі анықталды. 1-суретте көрсетілгендей, бақылау тобының максималды 25 баллдың ішінен жалпы алғанда 14,5 балл жинады. Ал эксперименттік топтың жинаған ұпай саны жалпы 13,8-ге тең болды. Яғни бақылау тобы эксперименттік топқа қарағанда 4,7%-ға асты. Сол себепті екінші топты тәжірибелік топ ретінде алуға шешім қабылданды.




Сурет 1 Алдын ала тестілеу нәтижелері

Тәжірибелік топқа флеш фантастика жанрындағы арнайы силлабуспен дайындалған мәтіндер мен оларға арналған жаттығулар әзірленді. Мәтінмен жұмыс әрекеттері де ескерілді. Сөздік қорын дамытуға арналған әңгімелерге негізделген мәтіндер студенттердің сөйлеу және жазу сияқты дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Эксперименттік топтың лексиканы дамыту дағдысы төмендегідей:

1. Мұғалім үш түрлі флеш фантастика мәтіндерін оқу жаттығуларын үлестіреді;
2. Оқушылар жеке немесе топта жұмыс жасайды;
3. Мұғалім жетекші сұрақтар қояды және жаңа сөздермен таныстырады (сөздің мағыналық және айтылым ерекшеліктерді талқылау);
4. Студенттерге кейде рөлдік ойындар тағайындалады;
5. Жаңа сөздерді активті түрде қолдану үшін оқиғаның кейіпкерлері мен оқиғаларын ағылшын тілінде талқылауды сұрайды.

Соңғы тестілеудің нәтижелерін салыстыра келе, тәжірибелік топтың ұпай саны сурет 2-ге сәйкес, 13,8 ұпайдан 20,6 ға тең болды. Бақылау тобының ұпай саны 14,5 ұпайдан 18.7 ұпайға дейін өсті.



Сурет 2 Қорытынды тестілеу нәтижелері

Нәтижелерді салыстыра келе, бірінші тестілеу мен қорытынды тестілеуге қарағанда бақылау тобының ұпай саны тек 15.8%-ға өскенде, эксперименттік тобының ұпайлары 27,6%-ға жақсарды. Эксперименттік тобының қорытынды ұпайы бақылау тобына қарағанда 8,1%-ға сәтті өтті.

Сурет 3-те көрсетілгендей, тәжірибелік жұмыс барысында біз флеш фантастика мәтіндерін студенттердің сөздік қорын дамытуға бағытталдық. Жаттығуларды орындау барысының түрі мен мазмұны әр түрлі болғанымен, формасы мен тәсілдері бір қалыпты дедуктивті құралдар көмегімен орындалды.

Task 2. Read the following flash-fiction text. Answer the questions:

- 1) Why the text is called "The Town's Only Takeout"?
- 2) What names of food and dishes were mentioned in the text?
- 3) Do you think they are happy with their lives? Why/Why not?

The Town's Only Takeout

Pizza delivery again. The piles of extra cheese almost hide the fact that the dough is chewy and bland. *Remember that vegan Reuben we used to get from McCalister's*, my wife says as she swallows another bite. *Remember that thin crust calzone we had at the Italian restaurant in old town?* I remember that calzone and the Reuben and the baklava we'd eat standing up at the little food truck on the corner of Main and 67th Ave and how we'd sometimes run to the grocery store at 2 AM because one of us was sleepless and we wanted hot chocolate. We love our new house in the country with loads of space and miles of unsullied woodlands and no drunk men peeking off balconies late on Saturday night. But—*Remember that Shawarma place with the life-size Darth Vader statue in the dining room?* My wife pulls another slice of the town's only pizza —*this is fine*, she says, her jaws working to get through another bite.

BY FINNIAN BURNETT

Сурет 3 Флеш-фантастика мәтіні

Қорытынды

Қорытындылай келе, ағылшын тілі сабақтарында флеш фантастика мәтіндерін қолданудың 5 түрлі себебін анықтауға болады:

1. Студенттердің тілдік санасын кеңейту;
2. Мәтіндерді оқу уақытының қысқаруы;
3. Тілді меңгеруді ынталандыру;
4. Студенттердің интерпретациялық қабілетін дамыту;
5. Жаңа сөздерді жаңаша құралмен үйрену.

Тәжірибе өткізу барысында алынған нәтижелер негізінде, жоғары оқу орынының студенттері үшін флеш фантастика жанрындағы мәтіндерді оқу орташа деңгейдегі студенттердің сөздік қорын ғана дамыта қоймай, сонымен қатар қысқаша мәтіндерді оқуға деген талпыныс пен қызығушылығын арттыруға болатынын дәлелдей аламыз.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Al-Sharqi, L., & I.S. Abbasi. Flash Fiction: A Unique Writer-Reader Partnership \ Studies in Literature and Language vol. 11, 2015, 52-56p.
2. Catherine Sustana. "What Is Flash Fiction?". About Entertainment. <https://web.archive.org/web/20161123080311/http://shortstories.about.com/od/Flash/a/What-Is-Flash-Fiction.html> (access date 03.03.2024)
3. Graves, Michael F. The Vocabulary Book: Learning and Instruction. - New York: Teachers College Press, IRA, and NCTE, 2006, 240p.
4. Galef, D. Brevity: A flash fiction handbook. - New York: Columbia University Press, 2016, 160p.